

«ЖАҚСЫ АДАМНЫҢ ЖОЛДАН ТАЮЫ – ҮЛКЕН ТРАГЕДИЯ»

Қазан айының он жетісі күні жазушы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Төлен Әбдік редакциямызға қонаққа келді. Ақсақалды редакция ұжымымен таныстырып, амандық-саулық сұрасқаннан кейін өзіміз отырып шәй іштік. Алматыны да, кезінде өзі екі жыл басқарған «Қазақ әдебиетін» де сағынып келгені көрініп тұр, ақтарылып сала берді...

«Ұлттық санаға сай мінез қалыптасуы керек»



– Шерхан Мұртазаның кезінде газетіміздің тиражы 186 мың болды, – деді Еркін Жаппасұлы. – Сіз бас редактор болып тұрған тұста таралым 198 мыңға дейін жетті. Шырқау шегі сол-ау деймін.

– Иә. Мынау Ресейдегі кейбір басылымдар миллионға дейін барды, тіпті асып кетті. Қазір оларда да ондай жағдай жоқ. Миллиондаған тиражбен шығатын газеттер әлемде де азайды. Себебі белгілі ғой, басылым көбейген сайын оқырман бөлінеді. Ал бұрын газет-журнал аз және мемлекеттен қолдау көп болатын. Адамдар да оқуға құмар еді, – деді Классик.

– Ол кезде адамды алаңдататын дүниелер болмады ғой. Интернет сияқты...

– Иә, интернет болған жоқ. Ең жақсы жері, ол кезде баспасөздің рөлі күшті еді. Мәселен жұмысын сынап, талдап-талқыласа, облыс әкімдерінің өзі ертең қиын жағдайға тап болатынын білетін. Сол себепті жұмысын жақсы атқаруға тырысатын. Сыннан қорытынды шығаратын. Сәбет өкіметінің оңған жүйе емес екені белгілі. Өте әділетсіз, империялистік мемлекет болғанымен, тап қазіргідей жемқорлық жоқ-тұғын. Өйткені кім де болсын қорықты.

Жастарды оқып тұрамын. Шағын журналым бар, тәуірлерін соған шығарамын. Араларында жақсы ақын-жазушылар да жетерлік. Бірақ көзқарастарынан өзгешелік байқалады. Әрине, көзқарас пен таланттың айырмашылығы бола береді. Мысалы, Достоевский шығармаларын оқысаң – адам үшін жаны күйген ғажайып жазушы, ал публицистикасына қарашы, барып тұрған шовинист. Өткенде Бақыт Кенжеев сұхбатында: «Достоевскийдің саяси көзқарастарын оқуға ұяласың» деген екен. Тютчев те сондай. Өлеңінде жаны нәзік, өте мейірімді ақын публицистикасында Еуропаны жойып жіберу керек дейді. Оқасы жоқ, ондай-ондай бола береді. Алайда ұлт болу үшін сондай көзқарастардың бірлігі қажет. Көзқарас – құндылықтарға байланысты. Ал құндылық адамзатқа ортақ болуы керек. Әділдік, қарапайымдық, махаббат, зұлымдық – бір ұлттың ғана жекеменшігі емес, әлемге ортақ. Әйткенмен сәбеттік санадан қалған Еуропаны, Американы жек көру әлі де тоқтаған жоқ. Әсіресе менің қатарларым сондай. Ғаббас Қабышев деген жігіт бар. Жігіт деймін ғой, тоқсанға келіп қалды. Мен сексендемін. Сол Ғабекең – өмірде өте жайлы, кісіге мейірбан, қарапайым адам. Мейлінше әділ болуға тырысады. Бірақ Сталинді жақсы көреді...

– Шәй алып отырыңыз, аға.

– Поэзияға жараса береді ғой, дегенмен біздің жас жігіттер көшпелілікті аспанға көтеріп, «Көк бөрі», «Аспанға қарап ұлыдым, әлі ұлып жүрмін» дейді. Әй, қашанғы ұлып жүре береміз? Қазір тәуелсіз елміз. Сондықтан ұлттық санаға сай психология керек. Ұлттық санаға сай мінез қалыптасуы керек. Зидан деген футболшы бар. Өзі араб болғанмен француздардың мақтанышы. Мұхтар Әуезовті алайық, оның руы – қожа. Бірақ ол араб емес, қазақ жазушысы ғой. Міне, ұлт осылай құралады. Ұлт – мәдениеттің жемісі.

Кезінде Дмитрий Лихачев пен Лев Гумилевтің арасында тартыс болды. Біз Гумилевті көп жақсы көріп келдік. Өзі де талантты тарихшы ғой. Гумилев – Еуразия идеясын жандандырушы. Ол жеке цивилизация жасаймыз деді. Жеке цивилизациясы белгілі, Орта Азиядағы халықтарды – өздеріне сіңіріп алу. Ал Лихачев империяны қолдамайтын. Ол «Ұлт – мәдениеттің жемісі. Еуропадан кетпейік, олардың мәдениетінен үйренейік» деді. Сөйткен Гумилевқа,

Қазақстанға келмеген, Сарыарқаны көрмеген айдаладағы біреуге Астанадағы маңдай алды университеттің атын қалай беруге болады? Бұл Назарбаевтың тағы бір қателігі шығар деп ойлағам. Жәй ғана қателік емес екен. Одан кейін Еуразиялық одақ құру идеясын айтты. Ол дегеніміз – орыстың қарамағына кіру. Бүгінгі соғыс – сол идеяның жемісі.

Жоғарыда айтқан университетке не Байтұрсынұлының, не Шоқанның атын беруге болатын еді.

Ұлт болу үшін дүниетаным қалыптасу керек. Ең қызығы, біз ұлттық әдебиет жасаймыз дейміз. Мысалы Достоевский мен Толстойды орыс әдебиетінің ғана жазушысы деп айта алмайсың ғой. Олар – әлемнің жазушысы. Бальзак та, Шекспир де – адамзатқа ортақ. Өйткені олардың бәрі шығармаларын адамзаттық құндылықтарға құрған. Біз де солай алға ұмтылуымыз керек. Әйтпесе, қалам алып отырған кезде ұлтыма деп жазбайсың, адамзат үшін жазасың. Ал адамзаттық құндылық ұлттық мүддеге ешқашан қайшы келмейді.

– Өзіңіз қазір не жазып жүрсіз?

– Бір хикаят жаздым. Ол «Жұлдызға» шығыпты. Ал қазір бомж туралы повесть жазып жатырмын. Соны биыл аяқтасам деп едім. «Өліараның» екінші томына да кірістім. Роман. Оны енді келесі жылы көрерміз. «Адамды құтқаратын – өмір жайлы айқын да анық түсінік»

– Қазақ әдебиетінде әйел бейнесі жеткілікті. Олардың көбі өткен ғасырда жазылған. Ал бүгінгі күннің әйелі кім, оның бұрынғы әйелдерден айырмашылығы қандай?

– Айырмашылық көп. Заман өзгереді, заманға сай адам да өзгереді. Арғысын айтпағанда, біздің бала кезіміздегі адам мен бүгінгі адамды салыстыра алмайсың. Екеуі екі бөлек. Бірақ көп кісі салт-сананы көп айтады және орта ғасырда отырғандай сөйлейді. Жоқ, заманға сай келмейтін түсініктерден құтылу керек керісінше. Салт-сана дегенді орта, уақыт, заман тудырады. Мәселен, бір кездері әмеңгерлікпен әйел алатын. Ол дұрыс та еді. Өйткені ағаң қайтыс болса, оның әйелін бала-шағасымен қаңғытып жібермейсің ғой. Ол басқа жаққа кетіп қалуы мүмкін, күн көре алмай қалуы мүмкін. Сол үшін үйленіп, отбасының мүшесі етіп алған. Ал енді кейінгі жастарға қарасаң, басқаша. Қазіргілер өзін ерлермен тең ұстайды. Одан қашып құтыла алмайсың. Бұл Еуропаға баяғыда келген. Сондықтан қазіргі біздің әйелдер қауымы еркін. Бұдан біз қазақ болмай қаламыз деп ойламау керек. Мысалы, жиырмамыншы ғасырда қазақ даласына бұрын мүлде болмаған опера келді, драма театры келді, сонда қазақ болмай қалдық па? Керісінше, көкжиегіміз кеңіді. Кейінгі ұрпақ бізге ұқсамауы мүмкін, бірақ соған бола қазақ құрып бара жатыр деп айтуға болмайды.

Еуропа демократиямен өмір сүріп жатыр. Бізді «демократия құртады» деп қорқытады ғой. Еуроодаққа 27 ел мүше. Ішінде халқының саны 200 мыңға жетпейтін кішкентай мемлекеттер де бар. Демократиялық

елдерде біреуге көз аларту деген мүлдем жоқ. Ал ондай дүниелер авторитарлы елдерде асқынып тұр. Кейде Украинаны жамандағандарды естісем, таңғалам, соғысты Украина бастағандай әңгіме айтады. Шайқас Украина жерінде болып жатыр. Қалай кінәлі болады ол? Қарапайым халықтың арасында саяси сауаттылары аз.

Маған іні болып жүрген бір бала бар. Өзі талантты жігіт. Смағұл Елубай. Кезінде көрші тұрдық, сырласып, күні бойы бірге жүретін кездеріміз болды. Қазір дінге қатты беріліп кетіпті. Мен де мұсылманмын, бірақ өмірді түсінуге келгенде ғылымға жүгінемін. Смағұл президентке кіріпті. Кіріпті де, «Намаз оқыңыз, намаз оқысаңыз бәрі дұрыс болады» депті. Абсурд қой.

Кезінде үш адамды Өмірзақ Шүкеев Түркістанға шақырды. Ішінде Смағұл екеуіміз бармыз. Жұртпен кездестік. Бір мезгілде Смағұл сөз алды. Ұлт жайлы жақ ашпады, есесіне дінді айтып сарнады. Ақырында шыдай алмай: «Мен намаз оқымаймын, – дедім оған. – Бірақ мен халыққа, адамзатқа қас ештеңе жасағам жоқ. Ал террористердің бәрі намаз оқиды. Сонда құдайға менен гөрі солар жақын ба?». Қайтпады. «Адамды құтқаратын салт-дәстүр де, әлдебір ғажайып күш те емес, әртүрлі діни сенім де емес, адамды құтқаратын – өмір жайлы айқын да анық түсінік» дейді Толстой. Бос қиялды доғару керек.

– Сіз өз стиліңізді әлдеқашан қалыптастырған жазушысыз.

Айтыңызшы, бұған саналы түрде келдіңіз бе, әлде әсер еткен басқа жағдай болды ма?

– Интеллектуалды проза деп жатасындар ғой өздерің. Бастапқыда бәріміз Бейімбетке еліктедік, ауылдағы адамдардың тұрмыс-тіршілігін бейнелеуге, мінез-құлқын суреттеуге тырыстық. Бірақ кейін қазақтың зиялыларын да жазатын біреу керек қой деп ойладым. Олар да – халықтың бір бөлігі. Оның үстіне үлкен идеяларды солар арқылы айтсаң өтімдірек болады. Соны ойлап бірте-бірте келдім. Дегенмен «Ақиқатты» ерте жаздым.

– Жалпы жазушының саяси тақырыптарға баруы қаншалықты дұрыс?

– Саясатқа бара қоймаған, тікелей араласпаған дұрыс. Саясат пен әдебиетті салыстырсаң, әдебиет әлдеқайда биік. Саясат та, билік те өзгереді. Ал әдебиет – мәңгілік. Мысалы, Гомердің тұсында саясаттың қандай болғаны бізге маңызды емес, алайда «Илиада» қалды.

Бірақ жазушының саяси позициясы болуы керек.

– Анатолий Ким біраз шығармаңызды аударды. Жалпы өз туындыларыңыздың басқа тілге аударылуына көңіліңіз тола ма?

– Ол әуелі менің «Әке» деген хикаятымды аударды. Тілі керемет. Орыс тілін Анатолий секілді білетін жазушы жоқ шығар. Өзі қарапайым. Алғашқы кезде әдебиетке қалай келгенін де білемін.

– Аға, сіздің өлеңдеріңізді ара-тұра оқып тұратын едік. Қазір өлең жазасыз ба?

– Анда-санда өзім үшін ғана жазамын. Өткенде, шығармашылық кешімде, «Бата» деген өлеңімді оқып бердім. Жалпы, «Бата» деген тақырып әлемдік әдебиетте көп. Сол аттас Тагордың ғажап бір өлеңі бар:

«Бенгалия көлдерін,
Бенгалия шөлдерін,
Бенгалия белдерін
Қасиетті қыла гөр,
Қасиетті қыла гөр!» – деп келеді.
Ал енді өз «Батамды» оқиын.
«Екі сөйлейтін екіжүздіден сақта!
Ауа жайылған бетімізден сақта!
Мақтауға тоймайтын
өзімшілден сақта!
Құл мінезді төзімшілден сақта!
Есірген есерден сақта!
Ғайыптан жабысқан кеселден сақта!
Көлгірсіп сөйлейтін шешеннен сақта!
Тура жолдан тайған көсемнен сақта!
Ынсапсыз ашқарақтан сақта!
Өтірігі басым ақпараттан сақта!
Хайуан мінезді батырдан сақта!
Жауыңнан бетер жақыннан сақта!
Тарыққан, зарыққан елімді сақта!
Байлығын сарыққан жерімді сақта!
Әумин!»

«Мұқағалидың «Мен «Сүйекшіні» оқып жылағанмын» деп айтқаны да есімде»

– «Әділдіктің бәйгесіне атыңды қос – озсаң да олжалысың, қалсаң да олжалысың» деген сөзіңіз бар ғой. Әділетті айтқаннан кейін әлдекім жолыңызға тосқауыл қойған кезеңдер болды ма?

– Әрине, әділдікті жақтаймын десең, міндетті түрде бір кедергіге ұшырайсың. Басқаша болуы мүмкін емес. Өйткені біз әділ қоғамға жете қойған жоқпыз. Біздің қоғам – жақсы қоғам емес. Соны түсінуіміз керек. Өзгертуіміз қажет. Егер біз баяғы сәбет өкіметін қалған құлдық, рулық санадан, толып жатқан басқа да әр түрлі ескіліктен арылғанда, ұлттық санаға көтерілгенде біз белсендірек боламыз, күресе аламыз.

Әділетсіздік неден туып отыр? Демократия деген не? Бұл – халықтың билігі. Билік халыққа ауысуы керек. Халық биліктен қорықпауы керек. Билік Еуропадағыдай халықтан жасқануға тиіс. Сонда ғана демократия орнайды. Демократия дегеніміз – Заңның үстемдігі. Яғни президент пен жұмыс таба алмай жүрген жас екеуі заң алдында бірдей. Сонда ғана әділ қоғам болады. Демократияны 30 жыл бойы сынаумен келдік. Мұны Назарбаевтың өзі бастады. Өйткені демократия болса, онда ойына

келгенін істей алмай қалады. Мысалы, адамдар Америкаға кетуге неге сонша құмар?! Ол жақта ештеңе бүлдіре алмайсың. Себебі оларда оппозиция бар. Оппозиция біздегідей қуғынға ұшырамайды. Керісінше, Трамп президент болып тұрған кезде АҚШ конгресінің уәкілдер палатасын демократтар билеген. Біреуі өтірік айта қалса, сол күні-ақ талап жеп қоя жаздайды. Бірін-бірі тежейтін күштер көп... Әлемде бір-ақ күрес бар. Монархияға, жеке билікке қарсы күрес. Ал біз демократия – хаос, еркек пен еркек, әйел мен әйел үйленеді екен деп қорқамыз. Оның бәрі бос сөз. Жаңағыдай заттарға Францияның өзінде қарсы шыққан. Ол қайшылық адаммен бірге жасай береді. Бірақ ғылымның дәлелдеуі бойынша, ол – ауру емес. Ол – табиғи дүние. Әуелде әйел боп жаратылған, бірақ ішінде қалауы басқа. Сөйтіп, екі жыныс бір адамның бойында күреседі. Адамды азапқа салады. Соның ішінде біреуі артығырақ болуы мүмкін. Ондай адамның басқа ешқандай кемшілігі жоқ. Ол сенен артық ғалым болуы мүмкін, ұлы жазушы болуы мүмкін. Әлемдегі ең ұлы он адамның қатарында аты аталатын Леонардо да Винчи деген кісі бар. Ондай данышпан мың жылда бір-ақ рет туады. Сол гомосексуалист болған. Ал енді оған не істеу керек? Әлемге осынша қызмет еткен адамды түрмеге отырғызу керек пе, әлде өлтіру қажет пе? Біз бұған дайын емеспіз. Бірақ одан үлкен мәселе жасаудың қажеті жоқ. Демократияның басқа да жағы бар. Соны қабылда, болды. Баяғыда Рахат Әлиев Қазақстанда монархиялық, династиялық билікті енгізу керек деп мақала жазды. Мас-қа-ра! Қарсы мақалалар жазылды. Көп ұзамай қайын атасы Испанияға барды. Сонда «Күйеу балаңыз осындай мақала жазыпты, бұған сіз қалай қарайсыз?» деген сұраққа «Біздің халық бай тұрады және осылай бола бергенін қалайды» деп жауап берді. Міне, біздің демократиямыздың сол кездегі көрсеткіші сол сөз болды деп ойлаймын.

– Тұтастарыңыз жайлы айтып беріңізші?

– Баяғыда Дулаттың (Исабеков – ред.) «Дермене», «Сүйекші», «Тіршілік» деген шығармалары бірінен соң бірі шықты. Үшеуі де ғажап. Бірақ дер кезінде тиісті бағасын алған жоқ. Шынын айтқанда сол шығармалар Шыңғыстың повестерінен кем болған жоқ. Дулаттың әңгімелері адамға қатты әсер етеді ғой. Мұқағалидың «Мен «Сүйекшіні» оқып жылағанмын» деп айтқаны да есімде.

– Бой жылытып шәй ішіп отырыңыз, аға.

– Енді сол кездерде кесек-кесек туындылар жазылды. «Жалынға» жаңа келген бетім еді. Марқұм Бек Тоғысбаев мені шақырып, бір папка ұстаты. «Келесі нөмірге жіберетін ештеңе болмай тұр. Мұнда көптен жиналып қалған жарамсыз дүниелер бар. Іліп алар шығармалар болса қарашы» деді. Қарап отырып «Шыңырауға» жолықтым. Неткен терең шығарма! Қандай герой! Оған дейін құдық қазушыны жазған басқа ешкімді білмейді екенмін. Әбіш келгенде (Кекілбайұлы – ред.): «Әбеке, «Шыңырауыңды» оқып, керемет таңғалдым» деп жылы лебізімді

білдірдім. Сол кезде Мағауин бізге редактордың орынбасары болып жұмысқа келген. Мұхтар мен Әбіш бірге оқыған, бала кезден бері дос. Ол да оқып, ұнатты. Кейін дос болып, отбасымызбен араласып жүрдік. Мұхтар қашан да көп ізденетін, шығармашылыққа өте жауапты қарайтын адам ғой. Киплингтің «Өсиет» деген өлеңі бар. Сонда «Өзіңді құлша жұмсай білетін дәрежеге жету керек» дейді. Міне, сол дәрежеге жеткен адам сол болатын. Сөйткен Мағауин отырып-отырып, «Ертең әдебиетте Мұхтар Мағауин қалады, сосын тағы бір-екі адам... басқа ешкім қалмайды» дейтін. «Енді осы мәселені тап қазір шешу керек пе» деймін де (күлді).

Бірде ол Әбіш екеуімізді үйіне шақырды. Үйіне кіргесін әйелі: «Мұқаң қазақтың нөмірі бірінші, нөмірі екінші жазушылары келе жатыр деп айтты» дейді. Сосын мен: «Мақұл, мен-ақ екінші жазушы болайын. Әбіш бірінші болсын. Сен өзің қайда қаласың?» десем, «Жоқ, мен ол тізімнен жоғары тұрған адаммын» дейді (күлді).

– Кекілбаевтың қай шығармасын жоғары бағалайсыз?

– «Шыңырау». Одан кейін «Ханша-дария хикаясы» дейтін күшті хикаяты бар.

– «Күйі» ше?

– «Күйі» де жақсы.

– «Аңыздың ақыры» ше?

– «Аңыздың ақыры» күшті енді. Нағыз философиялық шығарма. Оны Еуропа қатты бағалады. Германияда неміс тіліне аударылып, бәленбай рет басылып шығыпты. Өте күрделі жазған және кілтін тапқан.

Махаббатты мұнара арқылы беру деген... Жазу стилі де күрделі. Мұндай стильдің әлемдік әдебиетте оқылуы қиын ғой. Мысалы, «Улисссті» оқу мүмкін емес. Марсел Прустты да оңай шағылатын жаңғақ дей алмайсыз.

– Өзіңіздің шығармаларыңыздың ішінде жазылуы қиын болған, ұзаққа созылған қай шығарма болды?

– Мен жазуға қиналған емеспін. Ішімде көп жүреді. Мысалы, «Парасат майданын» жазарда бірнеше жыл жүрдім. Одан кейін «Тозақ оттары жымыңдайдыда» бір жылдай зерттеп-зерделедім. Әсіресе, Бразилия туралы, оның табиғаты туралы, ондағы үндістердің тұрмыс-тіршілігі туралы қаншама кітап оқуға тура келді... Енді мұндай затты жазбаспын деп ойладым кейін.

– Бірақ сөйткен дүниені жиырма күнде жазып бітіріпсіз.

– Иә, жиырма күн жаздым. Күні-түні.

«Бұл жердің тасы да, жапырағы да сөйлейді ғой, шіркін...»

– ХХІ ғасырдың Нобель сыйлығын алған ақын-жазушыларын оқып тұрасыз ба?

– Нобель алғандардың кейбіреуі керемет емес секілді көрінеді маған.

– Ал өзіміздің түрікке қалай қарайыз?

– Орхан Памук жаман емес. Бірақ оны нөмірі бірінші түрік жазушысы деп айта алмаймын. Орханның терең суреттей білетін қасиеті бар. Сонысы

ұнайды. Мен оның «Менің атым Қырмызы», «Қара кітап» деген екі романын оқыдым. Көбіне бұлыңғыр жазады. Мәселен, «Менің атым Қырмызыда» негізгі оқиға, өлім екінші планда қалып қояды да, екінші геройлардың әрекеті алдыңғы қатарға шығады. Формасы қызық. Сосын онда шығыс әдебиетіндегі әңгімешілдік бар. Бастысы, оқылады.

Негізі, Нобель сыйлығы кейде саяси астар алып кетіп жатады. Белорус әйелінің осы сыйлықтың алуының өзі менің сөзіме дәлел бола алады деп ойлаймын. Оны жазушы деуге болмайды ғой, журналист қой ол.

Беларусьта үлкен мәселені көтергені үшін алды.

– Ал сіз Нобель сыйлығына қызығасыз ба?

– Әлемдегі ең үлкен сыйлықты беріп жатса, кез келген адам қуанады. Алайда мұны ала алмай қалған небір мықтылар да бар. Мысалы, 1902 жылы Толстой ала алмай қалған. Бас тартқандар да бар. Сартр бас тартты. Пастернакқа бас тартқызды.

– Өзіңізден жасырақ «жігіттерге» қандай кеңес бересіз?

– *(Күлді)* Әдебиетте жыныс жоқ, жас деген де болмайды. Сондықтан жастарға ақыл айту дұрыс емес. Жәй ғана пікір алысу керек. Ал енді өз тәжірибең тұрғысынан келсең, басқа әңгіме. Қазақта «Жаным – арымның садағасы» деген сөз бар. Адам әуелі арын сақтауы керек. Қаламгер билікке жағымпаздану, лауазымды адамдарды жазып, солардың жақсылығына ие болуға тырысу деген секілді пендешіліктен жоғары тұруға тиіс. Бірінші кезекте – адамның кісілік келбеті, екінші – жазушылық таланты. Осы екеуі бір арнада тоғысқаны жөн. Өкініштісі, көп жағдайда бірікпей жатады. Мен баяғыда Несіпбек Айтұлына «Айналайын, сен өзің таланттысың. Ал енді «Бәйтерегің» не?» деп айтқанмын. Сондай поэма жазды ғой ол. Бірақ өлеңдері керемет. Жалпы, жақсы адамның жолдан таюы – үлкен трагедия.

– Бұрын газетке деген көзқарас жақсы болды ғой. Сондай күн қайта тууы мүмкін бе?

– Демократияға іс жүзінде бет бұрып, руханиятқа шын мәніндегі қолдау жасаса қазіргіге қарағанда әлдеқайда жақсарар деп үміттенемін. «Қазақ әдебиеті» әдебиетке қатысты жалғыз газет қой. Бұл газеттің мүмкіндігі өте зор.

Кеннеди бір сөзінде былай дейді: «Мемлекет жеке адамның қолынан келмейтін шаруаны істеуі керек». Иә, солай. Мемлекет кітап нарығын жолға қойса, қаламгерлер үшін ғана емес, газет-журналдарға да біраз пайдалы болар еді. Баспа жақсы кітапты көп тиражбен шығарса, автордың өзі де, баспа да байиды. Ол үшін кітап шығаруды бір жүйеге келтіру керек. Оның үгіт-насихатын жасап, жарнамасын көбейту қажет. Кітап жарнамасына жеңілдер жасалса тіпті құба-құп. Мемлекеттік тапсырыспен кітап шығаруды доғарса, баспагерлерде жақсы кітап шығарудан басқа жол қалмайды. Өйткені әлгіндей жағдай жасалса, халтураны баса алмайды, басса, банкротқа ұшырайды. Соны біздің билік

жасай алмай келе жатыр.

– Сау болыңыз, көке!

P.S. Екі сағаттан астам уақытқа созылған әңгіmemіз осылай жалғаса берді. Соңында Абылай хан көшесіне шығып, ақсақалды қимай біраз тұрдық. «Алматыда жаным жай табады, – деді Төлен Әбдік жолдың арғы бетіндегі баққа ойлы көзін қадап. – Астана музей сияқты. Жансыз ғимараттарға кіріп-шығып, өтіп жатқан тіршілік... Ал бұл жердің тасы да, жапырағы да сөйлейді ғой, шіркін...».